

## **Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 тамызда № 17257 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағы 77-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш-жігер нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2018 жылғы 13 шілде

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2018 жылғы 12 шілдедегі  
№ 298 бұйрығына  
қосымша

**Балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш жігер нормативтері**

**Ескерту. Норматив жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 11.09.2023 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Су айдындары	Саны*					
	қойылмалы аулардың	жылымдардың (үйінді және /немесе қойылмалы)	қабадалар	балықшылар	кемелер	қайықтар
Жайық өзені **	-	32	-	320	32	96
Қиғаш өзені * *	-	28	-	280	28	84
Қиғаш өзенінің сағалық кеністігі	3525	-	8225	591	20	197
Каспий теңізі Маңғыстау облысы шегінде	9504	61	609	821	61	411
Жайсан көлі	2778	42	-	817	42	283
Бұқтырма су қоймасы	2925	11	-	528	11	231
Шүлбі су қоймасы	848	10	-	182	-	71
Өскемен су қоймасы	146	-	-	22	-	11
Шардара су қоймасы	892	22	-	266	22	89

Кіші Арал теңізі	4500	10	-	960	10	460
Сырдария өзені	80	4	-	64	4	24
Алакөл көлі	450	5	-	115	5	50
Сасықкөл көлі	580	5	-	141	5	63
Кошқаркөл көлі	90	1	-	23	1	10
Балқаш көлі	3600	54	-	684	108	180
Қапшағай су қоймасы	б і р балықшыға 15	бір учаскеге 10	-	1 шақырым учаскенің ұзындығына* ** 2	бір учаскеге 10	1 шақырым учаскенің ұзындығына* ** 2

Ескертпелер: \* - Қапшағай су қоймасын есепке алмағанда, балық аулауға рұқсат пайдаланушыға осы балық шаруашылығы су айдынына бекітілген кәсіпшілік күш-жігер нормативіне және оған бөлінген квота үлесіне (бөлінген квотаның осы су айдынында және (немесе) учаскесінде кәсіпшілік балық аулауға арналған жалпы лимитке қатынасы) қарай беріледі.

Әрбір пайдаланушы үшін кәсіптік күш-жігер нормативін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$N_{кн} = N_{бекіт} \times \text{Квота} / \text{Лимит},$$

мұндағы  $N_{кн}$  - балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне арналған кәсіпшілік күш нормативі (балықшылардың, аулардың, жылымдардың, қайықтардың, кемелердің саны) (бірлік.);

$N_{бекіт}$  - су айдынындағы кәсіпшілік күш-жігердің бекітілген нормативі (бірлік);

Квота - ағымдағы жылдың 1 шілдесінен келесі жылдың 1 шілдесіне дейін пайдаланушыға бөлінген квота (тонна).

Лимит - ағымдағы жылдың 1 шілдесінен келесі жылдың 1 шілдесіне дейін кәсіпшілік балық аулауға бекітілген лимит (тонна).

\*\* - Жайық және Қиғаш өзендерінің ұйықтық учаскелеріне кәсіпшілік күш-жігердің нормативтері жалпы бекітілген нормативтерді ұйықтық учаскелер санына бөлу жолымен белгіленеді (бөлінген квота үлесін есепке алмағанда).

\*\*\* – балық шаруашылығы учаскесінің паспортына сәйкес жаға бойынша учаскенің ұзындығы.